

Қаратөбе ауданы бойынша 2019 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 58 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 13 мамырда № 5658 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 26 мамырдағы № 72 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің 26.05.2020 № 72 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Қаратөбе ауданы бойынша 2019 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 26 сәуірдегі № 53 "2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата - ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4808 тіркелген, 2017 жылғы 9 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Қаратөбе ауданы әкімі аппаратының басшысы (К.Хитаров) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.Сұлтанға жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қаратөбе ауданы бойынша 2019 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата - ана төлемақысының мөлшері

№	Р/с	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік - аумақтық орналасуы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының атауы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны	Ай сайын 1 тәрбиеленушіге мемлекеттік білім беру тапсырысы (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдарда ата - ананың 1 айдағы ақы төлеу мөлшері (теңге)	
						3 жасқа дейінгі	3 жастан 6 жасқа дейінгі
Бөбекжай (жергілікті бюджет)							
1		Қаратөбе ауылы	"Қаратөбе ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Балдырған" бөбекжайы" МКҚК	120	31663	6000	7200
2		Қаратөбе ауылы	"Қаратөбе ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Жазира" бөбекжайы МКҚК	90	30869	6000	7200
3		Шөптікөл ауылы	"Қаратөбе ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Шұғыла" бөбекжайы МКҚК	35	49012	6000	7200
		Егіндікөл ауылы	Егіндікөл ауылдық округінің "Балбұлақ" бөбекжайы МКҚК	30	49609	6000	7200
Балалар бақшасы (жергілікті бюджет)							
4		Қарақамыс ауылы	"Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе аудандық білім беру бөлімінің Саралжын селолық округіндегі "Айгөлек" балабақшасы МКҚК"	25	54163		7200
5		Қоскөл ауылы	Қоскөл селолық округіндегі "Қарлығаш" балалар бақшасы МКҚК	25	54357		7200
6		Сулыкөл ауылы	"Сулыкөл ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Балапан" балалар бақшасы" МКҚК	25	46533		7200

7	Үшана ауылы	"Сулыкөл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Раушан" балалар бақшасы" МКҚК	25	55012		7200
---	-------------	---	----	-------	--	------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК